70-НҚ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

15.07.2021 № 70-НҚ

Орал қаласы город Уральск

«Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифтер бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 8 бабы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» Ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф 2021 жылдың 1 тамызынан бастап 2022 жылдың 31 шілде аралығында қосымша құн салығынсыз 1 текше метр үшін 222,12 теңге мөлшерінде бекітілсін, соның ішінде:

тұрғындар үшін – 156,32 теңге;

басқа тұтынушылар үшін – 330,19 теңге.

2. Уақытша өтемдік тарифтің қолданыста болу мерзімі аралығында, Бокей ордасы ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2020 жылғы 26 ақпандағы №9 «Бокей ордасы ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Орда» таратушы желілер арқылы ауыз су беру қызметіне тарифті және тарифтік сметаны төмендету арқылы бекіту туралы» бұйрығының 1 тармағының қолданылуы тоқтатылсын.

3. Ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі (А.А. Рахимова) осы бұйрықты «Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі (А.А. Рахимова) осы бұйрықты жариялау мақсатында комитеттің интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. «Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны тарифтің өзгертілгені туралы ақпаратты тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде 10 күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

6. «Орда» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде ай сайын көрсетілетін коммуналдық қызметтерді төлеу туралы төлем құжатында ескертпе түрінде тарифті төмендету туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.